


Халықтың тығыздығы және орналасуы

- Қазақстан – өте сирек қоныстанған ел. Халықтың бір шаршы шақырымдағы орташа тығыздығы 6,0 адам (2012ж) , бұл көрсеткіш ТМД-да ең соңғы орында. Қазақстан халқының орташа тығыздығы бойынша дүние жүзі халқының орташа тығыздығынан 7 есе, ТМД-дан 2,5 есе аз.
- Ал Молдова халқының орташа тығыздығы – 121 адам, Арменияда 128 адам, Үндістанда 260 адамды құрайды. Молдава мен Арменияның әрқасысының жер көлемі Қазақстан аудандарының аумағындай ғана.

- Жалпы, халықтың орналасуына тарихи-табиғи және экономикалық факторлар әсер етеді. Мұндай факторларға халықтың ертеден қоныстанған аудандары, табиғи жағдайларының ерекшелігі және өндірістің аумақта біркелікті орналаспауы жатады.
- Қазақстан халқының ең жиі қоныстанған аудандарына Солтүстік Қазақстанның егіншілік , Шығыс Қазақстанның егіншілік және өнеркәсіп аудандары жатады.



Қазақстан халқының тығыздығы картасы

- Республиканың солтүстік-шығысын мен Оңтүстік Алтайдың етегіндегі пайдалы қазбаларды игеруге байланысты мұнда басты өнеркәсіп орындары шоғырланған.
- Батыс Қазақстанның солтүстік-батысы – ауыл шаруашылығына қолайлы аймақ. Республиканың оңтүстік-шығысында және оңтүстіктігінде маңызды көлік магистральдары және өнеркәсіп орталықтары шоғырланған. Сырдария, Талас, асы өзендерінің маңындағы суармалы егіншілікті, сондай-ақ Трансқазақстан, Түріксіб теміржолдарың бойындағы аумақта халық жиі қоныстанған.
- Орталық, батыс және оңтүстік батыстағы мал шаруашылығы мен айналысатын аудандарда халық өте сирек орналасқан. Республиканың бұл бөліктерінде табиғат жағдайларының қолайсыз болуы, жол қатынасының нашар дамуы халықтың сирек қоныстануына әсерін тигізеді.

- Халықтың ең жоғарғы тығыздығы Оңтүстік Қазақстан (2,3адам), Алматы (19), ал төменгі тығыздық Маңғыстау, Ақтөбе (1 км² – ге 2 адамнан) облыстарына сәйкес келеді.
- Ірі суару жүйелерінің салынуына байланысты халықтың біраз бөлігі оңтүстіктегі шөлейт және шөлді аудандарға қоныстанған.
- Соғыстан кейінгі жылдары шаруашылықты индустрияландыру және ауыл шаруашылығын қайта құру нәтижесінде халықтың орналасуы мен тығыздығында елеулі өзгерістер болды. Өнеркәсіп орталықтары мен қалпалық елді мекендер маңында халық саны мен тығыздығы артты. Батыс және Орталық Қазақстандағы жаңадан пайда болған мұнай, металлургия және химия өнеркәсібі орталықтарына республиканың басқа аудандарынан халық көптеп қоныс аударды.

- Қазіргі уақытта Қазақстанда халықтың айтврлықтай көбірек қоныстанған оңтүстік аймақтар болып табылады. 2012 жылдардың соңында Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында республика халқының 16 және 11%-ы қоныстанды. Жалпы , оңтүстік аймаққа еліміз халқының 46%-ы тиесілі. Едәуір нашарлау қоныстанған аймаққа Атырау және Маңғыстау облыстары жатады. Олардың әрқайсысына республика жалпы халқының жалпы халқының 3%-ы тиесілі.
- Еліміздің алдында тұрған міндет ауыл халқының әл-ауқатын арттыру, жеке аймақтардың табиғи және эканомикалық факторларын ескере отырып , халықты аумақ бойынша біркелікті орналастыру болып табылады.

Нашар және сирек қоныстанған аудандар

Шөлейт және шөлді аудандар. Атмосфералық жауын-шашын өте жеткіліксіз, шамамен 100-150 мм. Бұл аудандар егіншілікке қолайсыз, тек суармалы жағдайда ғана пайдалануға болады. Солтүстік бөліктерінде халықтың орташа тығыздығы 1-ден 10 адамға дейін (нашар қоныстанған), ал оңтүстік бөліктерінде бір адамнан да аз болып келеді (сирек қоныстанған).

Жиі қоныстанған аудандар

Егіншілікті және өнеркәсіпті, қөлік магистралі дамыған аудандар. Атмосфералық жауын-шашын 300-400 мм, кейбір бөліктерінде 250-300 мм, ал тау етегінде 400 мм-ден астам. Бұл тәлімі егіншілікті аудандар, ал табиғат ресурстары өнеркәсіптің дамуна қолайлы болып келеді. Халықтың тығыздығы жоғары, бірақ аумақ бойынша айырмашылық жасайды (10-25, 25-50, 100-500 және оданда жоғары).



Назарларызға рахмет!